

Жаркент гуманитарлық – техникалық колледжі

Білімді ұрпақ – ұстаз жемісі

Оқытушы: Каримбаев Ғ.К.

410-топ

Тақырыбы: Білімді ұрпақ-ұстаз жемісі

Мақсаты: Студенттердің практика барысында алған білімдерін және әдіс - тәсілдерін қолдана отырып, өздерін өз жұмысының маман ретінде сезініп жұмыстар атқарып қорытынды конференция жүргізу.

Жүргізуші:



Армысыздар, құрметті ұстаздар мен студенттер! Бүгінгі 301-топтың «Жаңартылған бағдарлама кемел келешектің кепілі » атты қорытынды конференциямызға қош келдіңіздер! Бүгінгі конференциямыз Ұлы мамандардың қатысуымен өткізіледі. Олай болса мамандарымызды ортаға шақырайық. Өздеріңізге таныс «Құпия сөмке» әдісі арқылы топқа бөлініп алайық. Жаңартылған білім мазмұны бойынша бұл әдістің тиімді екендігі өздеріңізге мәлім.



Әдістің шарты:

Сөмкенің ішінен бір затты алып, ол заттың қай пәнмен байланысты екенін біліп көрсетілген орынға отырыңыздар. (доп, шеңбер, тоқыма жіп, кітап)
Студенттер алған заттары бойынша

1-топ «Математика»

2-топ «Қазақ тілі»

3-топ «Дүниетану»

4-топ «Көркем еңбек» деп топтарға бөлінді.

Жүргізуші:



Енді осы топтардың білімдерін тексеру үшін біз сендерге топтық жұмыс

ретінде «Ашық пікір» әдісін қолданамыз. Бұл әдіс сендерге мәлім. Яғни, әрбір топ 5 сұрақ дайындап келесі топқа береді. Берілген сұрақтарға жауап жазып өз жауаптарын қорғайды. Бұл жұмысқа 10 минут уақыт беріледі. Ашық пікір әдісі мектептерде қолдануға өте тиімді. Оқушылардың сабақты қалай түсінгенін осы әдіс арқылы анықтаған болатынбыз. Енді біз осы әдісті сіздерден алып көрейік.

Жүргізуші:



Бұл мамандарымыз жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алып жатқан Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептегі оқушылардың зерттеген болатын. Яғни, оқушылардың сабаққа үлгерімін салуатты өмір салтын қалай ұстағанын, тіл байлығын, логикалық ойлау қабілетін, жаңартылған білім мазмұнының тиімді жақтарын зерттеді. Олай болса сөз кезегін тілші мамандарына яғни қазақ тілі мамандарына сөз кезегін береміз. Тілшілеріміз жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақта жұптық жұмысты ұйымдастырудың тиімді жақтарын айтып өтеді. Бізге тиімді жақтарын Оразымбек Шырын айтып өтеді. Жұптық жұмыстың тиімді жақтары оқушыларды бірлікке, ынтымақтастыққа, достыққа, ауызбіршілікке баулиды. Оқушының өз бетімен жұмыстарын қалыптастырады. Мен өзім қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткенде топтық жұптық деңгейлік тапсырмалар болды. Топтық жұмыста мен оқушыларды сабағыма байланысты өттім. Яғни мен ол жерде сабақтың тақырыбына байланысты топқа бөлдім. Оқушылардың деңгейіне байланысты тапсырмалар

Жүргізуші:



Ендігі кезекті көркем еңбек мамандарына берсек. Олар бізге шығармашылық жұмыстар туралы айтып өтеді. Яғни бұл жерде бізге оқушылармен қалай жұмыс жасау керек, оқушыларды еңбекке баулиды. Қолөнерге бейімдеп, оларды еңбекке және ізденіске, ұқыптылыққа тәрбиелейді.

Көркем еңбек сабағын бізге Марғез Жұлдыз айтып өтеді. Еңбекке баулу сабағымен бейнелеу сабағы қосылып көркем еңбек сабағы пайда болды. Соған байланысты сабақ барысында қолөнер мен сурет салу тапсырмалары бірге жүреді. Олардың ішіне көбінесе шығармашылық жұмыстар жүреді.

Жүргізуші:



«Кезбе тілші» әдісі

Жүргізілу барысы:

Тілші қорғаған жоба бойынша студенттерге сұрақтар қояды. Студенттер өздерінің қорғаған жобалары бойынша тілшінің сұрақтарына жауап береді.

Жүргізуші:



Математика пәні бойынша бізге жоба қорғайтын мамандарды ортаға шақырайық. Бұл мамандар бізге математикадан оңай тәсілмен шығарылған есептер жайлы және логикалық ойлау туралы айтып өтеді. Оқушыларды есеп шығару барысында ой жүйріктерін қаншалықты танып, анықтағанын тексеріп көрсек.

Логисттер мамнынан бізге Юлдашева Шахидам, Байтурсынова Гүлдар айтып өтсе.

Мектептерде топтық жұмыстарды ұйымдастырудың мақсаттары: Әлеуметтік танымдық, эмоционалдық топтық жұмыстың ережелері:

- 1 Бірін-бірі мұқият тыңдау
2. Сөлушінің сөзін бөлмеу
- 3 Бір бірінің пікірін құрметтеу
- 4 Ортақ пікірге келу
- 5 Құпиялылық т б

Жүргізуші:



Соңғы қалған жүйріктер мамандарына сөз кезегін береміз. Бұл мамандар оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдейді. Оқушылардың дене шынықтыруына ат салысады. Оқушыларды нақтылыққа, бейімділікке, шыдамдылыққа үйретеді. Бізге дене шынықтыру жайлы Қайшыбек Балайымның тобы айтып өтеді. Сабақты өткізу әдіс – тәсілдері жайлы және сабақ жоспарды қалай құру керетігін және талдау ерекшеліктері өзгеше

болады. Бұл жерде сабақ жопарында барлығы өлшеулі болады. Және оқушыларға қиындық туғызбайтындай етіп сабақ жоспарын құру қажет.

Жүргізуші:



Келесі кезекте «Санадағы кинофильм» әдісіне берсек. Бұл әдіс студенттер сіздерге мәлім деп ойлаймын. Бұны жаңартылған білім мазмұнына сай біз мектептерде қолданып жүрміз.

Жүргізілу барысы:

Студенттерге «Санадағы кинофильм» әдісі бойынша бейнеролик көрсетіледі. Сол бейнефильмді көре отырып өздері де соған ұқсас жағдаяттарды атап айтады. Өр топқа белгілі бір сыныптар аталып айтылады студенттер сол сыныптағы бір есінде қалған оқушының жағымсыз іс — әрекетін атап көрсетеді. Сол жағымсыз әрекеттен қалай шығу жолдарын қарастырады еді соны студенттер осы әдіс арқылы айтып көрсетеді.

Жүргізуші.

Рефлексия



«Ақылдың алты қалпағы» оқуға ықпал етудің алты тәсілі

1.Қызыл қалпақ- түйсік, сезім, болжам

Менің түйсіктік реакциям қандай? Менің түйсігім маған не дейді?

2.Сары қалпақ-позитив

Жағымды тұстары қандай болды? Оның артықшылығы қандай? Маған не ұнайды?

Жасыл қалпақ- креатив.

Менде қандай идеялар бар? Қандай баламалы тәсілдерді ойлап таба аламын?

Ақ қалпақ- фактілер

Менде қандай ақпарат бар? Маған қандай ақпарат алу қажет?

Қара қалпақ- жағымсыз

Жағымсыз кезеңдерді көрсетіңіз? Қандай проблемалар бар? Маған не ұнамайды?

Көк қалпақ-шолу

Мен не аштым? Тағы не ашылған жоқ? Мен оны қалай аша аламын? Мен барлық қалпақты кие алдым ба?

Жүргізуші:

Практика жетекшісі Каримбаев Ғазиз ағайға сөз кезегін береміз. Келесі сөз кезегін практика әдіскерлеріне береміз. Ендігі сөз кезегін топ кураторы Исабекова Алма Тоқбайқызына береміз.

Құрметті ұстаздар сіздерге студенттер атынан алғысымызды білдіріп бүгінгі «Білімді ұрпақ-ұстаз жемісі» атты қорытынды конференциямызды аяқтаймыз

